Одағай

Толық мағынасы жоқ, сондықтан затты, құбылысты, әрекетті нақты білдірмей, тек адамның әр түрлі көңіл күйін, сезімін білдіретін немесе жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер одағай деп аталады. Одағай сөздер таңырқау, қуану, шаттану, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, жекіру, күрсіну сияқты көңіл-күйлерін білдіреді немесе жан-жануарларды, малды шақыру, қуу үшін қолданады. Одағайлар ойға үстейтін мәніне қарай үш түрге бөлінеді:

1. Көңіл-күйі одағайлары (Адамның түрлі көңіл - күйін білдіреді) *шаттану, таңырқау, аңсау, қуану, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, назар аудару* сияқты мәнді білдіреді. Олар: *пәлі, ойпырай, алақай* (қуану; шаттану), *қап, әттең, әттеген ай (*өкіну*), шіркін (*таңдану*), пай-пай, паһ-паһ, оһо* (сүйсіну*), бәрекелді (*сүйсіну, қоштау*), туу, уһ, аһ, әй, ой* (ренжу, наразылық*), ау т.б.*

2. Жекіру одағайлары жекіру, тыйым салу, бұйыру сияқты мәнді білдіреді. Олар: *тәйт, тек, жә, жетер*, т.б.

3. Шақыру одағайлары мал, ит-құсты шақыру не қуумен байланысты байланысты айтылады. Олар: *құрау-құрау, шөре-шөре, көс-көс, айт, қош-қош, моһ-моһ, кә-кә, пырс* т.б.

Одағайларда дербес лексикалық мағына болмайды. пәлі, әттең, ойпырмай т. б.

- Одағай сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді. Мысалы: *Қап,* соны күшік кезінде атып тастау керек еді.
- Одағай сөйлем мүшесі бола алмайды. Мысалы: *Әттең,* қазір жанымда әкем болғанда ғой.

Одағайдың емлесі мен тыныс белгілері:

1. Қайталану арқылы жасалған одағайлар дефис арқылы жазылады.
Мысалы: *Әлди - әлди*, ақ бөпем, Ақ бесікте жат, бөпем («Бесік жыры»).
Сап - сап, көңілім, сап, көңілім (Абай).
2. Одағай сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады.
Мысалы: *Бәрекелді,* батырым, осылай болатынын сезгем (Ә. Әбішев).
3. Одағай сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағынан үтір қойылады.
Мысалы: Сізге, *тәйірі*, сол да сөз боп па?
4. Одағай сөйлемнің соңында келсе, оның алдынан үтір қойылады.
Мысалы: Жүре берсең, көре бересің деген осы екен ғой, о*, тоба - ай!*
5. Одағайлы сөйлемдердің соңына айтушының көңіл күйіне қарай нүкте, сұрау белгісі не леп белгісі қойылады.